




Бананды қай жануар қатты жақсы көреді? Ішінде нүктесі
бар пішіндерді боясаң, сонда жауабын табасың!
Сонан соң бананды сары түске боя.



Гүлдердің сабақтары бойынша көтеріл және гүлдерді боя:
А гүлін қызыл, Ә гүлін көгілдір, Б гүлін жасыл түске боя.



Бұл суреттер белгілі бір ретпен орналаспаған. Өңгіме шығу үшін, суреттерді нөмірлен шық: бос дөңгелектерге 1-ден 4-ке дейінгі цифрларды жаз.



Мұны бірге жасаймыз!

ІСТІКТЕГІ ЖЕЛЕСІ БАР ҚҰЛПЫНАЙ

Маған не қажет?

- 2 тілім нан
- құлпынай және 1 банан
- желе
- ағаш істіктер



Сен білесің бе?

Бәлкім сенің сүйікті тамағың бар шығар, бірақ тамақ таңдаудың ұнамды әдісі — тағамдардың алуан түрлілігі. Егер сен алуан түрлі тамақ ішетін болсаң, онда өзіңнің организмiңе қажетті қоректік заттарды көп аласың. Қандай да бір жаңа тағамның дәмін көр, сонан соң өзің көптен бері ауыз тимеген тағам түрін есіңе түсір.

Желеден сендвич

дайында. Кез келген желені алып, оны кез келген жемістермен араластыр. Мысалы, құлпынай желесін банан немесе таңқурай желелерімен үйлестіруге болады.


Құлпынайды жуып, бананның қабығын аршы. Үлкендерден бананды кесектеп турап, нанды шаршы немесе үшбұрыш етіп кесіп берулерін өтін. Бір тілім нанды істікке түйре, сонан соң оған жемістің бір түйірін қос. Ингредиенттерді кезекпен, яғни оларды барлық нан мен жемістер таусылғанша түйреп шық.

Ас дәмді болсын!



Өз тәріккені кемпірқосақ жаса!





Әр құбыжық неше жемістен жинады? Оның жауабын үзік сызықтар бойынша жүрсең, сонда білесің. Сонан соң ең көп өрік жинаған құбыжықты қызғылт сары, ал ең көп алмұрт жинаған құбыжықты қызыл түстерге боя. Соңынан ең аз жеміс жинаған құбыжықты ақшыл көгілдір түске боя.



Жүзім, шие және алмаларды үлгі бойынша боя.
Сен қайсысын жақсы көресің? Сол жемісті айналдыра
қоршап сыз.





Әрбір құбыжықты сызық арқылы өзі тістеген
жемісімен қос. Сонан соң құбыжықтарды өзіңнің сүйікті
түстеріңмен боя.


Мұны бірге жасаймыз!

БӨРЕНЕ ҮЙ



Маған не қажет?

- іші қуыс түтік: бамбук таяқтары, құрақ, фенхель, ескі ағаш...
- жіп
- қайшы
- ара



Қоңыз, қанқыз және де басқа ұсақ жәндіктерге, әсіресе қыста жайлы болатын бөрене үйді жасауды үйрен. Үлкендерден әрқайсысының ұзындығы 20 см болатын іші қуыс түтіктерді кесіп берулерін сұра. Түтіктерді жинап, оларды жіппен байла.

Үйіңнің шашылып қалмайтынына көзіңді жеткіз. Оны жылы, құрғақ жерге қой. Өзіңнің жұмысыңа қуан және қонақтардың — қоңыз бен аралардың келуін күт.

Сен білесің бе?

Кішкентай ара және көбелек тәрізді жәндіктер гүлдің тозаңдарының бір бөлігін екінші гүлге тасымалдап, оларды тозаңдандырады. Олар әкелген тозаңдардан өсімдіктердің тұқымдары түзіледі. Ұсақ жәндіктер болмаса, өсімдіктер көбейе алмас еді. Сондықтан сен оларға қамқор болуың керек, ал олар сенің үстеліңде әрқашан гүл, жеміс және көкөністердің болуына көмектеседі.

